

«6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында орындалған Ережепов Талғат Тілеулесұлының диссертациялық жұмысына рецензенттің

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы

Дүние жүзінің дамыған елдерінде жастардың денсаулығы – негізгі ұлттық құндылықтардың бірі болып саналады. Жастардың денсаулығын сақтау мәселесі – мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып келеді. Қоғамдағы әрбір жеке адам өз денсаулығын сақтау және мықты болу жолдарын қарастыру қажет.

Қоғамда жастардың бойында денсаулықты сақтау мәдениетінің аса қажеттілігі мен маңыздылығы мемлекеттік ресми құжаттардан айқын көрініс табады. Мысалы, ҚР азаматтарының денсаулығын сақтау туралы Қазақстан Республикасының Заңы, ҚР мемлекеттік жастар саясатының тұжырымдамасы, ҚР «Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасы», «Қазақстан – 2020: Болашаққа жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы және т.б.

Қазақстан Республикасының «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты – мемлекетіміздің әлеуметтік әл-ауқаты мен экономикалық өркендеуінің негізі ретінде азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді және орнықты жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мұдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында денсаулықты сақтауды мемлекет дамуының маңызды факторы ретінде айқындалған берді. Сондай-ақ, қызметкердің денсаулығы үшін мемлекеттің, жұмыс беруші мен оның өзінің ортақ жауапкершілік алатын денсаулық сақтау жүйесін дамытудың негізгі қағидасын белгілеуі зерттеу проблемасының аса өзектілігін дәлелдей түседі.

Осы тұрғыдан алғанда, Талғат Тілеулесұлының ұсынып отырған диссертациялық зерттеуін қоғамның сұранысынан шығатын, заман талабына сай, дер кезінде орындалған көкейкестілігі жоғары енбек деуге болады. Оны диссертацияның мазмұны айғақтайды.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі

Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге кол жеткізген.

1. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәні және тарихи-педагогикалық алғышарттары ғылыми түрғыда негізделген.
2. Денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері нақтыланған.
3. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалы айқындалған.
4. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптастырудың қызметтік-ұдерістік моделі даярланып және оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған.
5. Оқу-тәрбие үдерісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұны жасалды және оны жүзеге асыру жолдарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жүзінде тексерілген.

Осы аталған ғылыми нәтижелердің негізділігі мен шынайылығы докторанттың философия, педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдары бойынша, денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәні және тарихи-педагогикалық алғышарттары ғылыми түрғыда негізделуімен; денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздерінің нақтылануымен; болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалының айқындалуымен; болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-ұдерістік моделі даярланып және оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталуымен; оқу-тәрбие үдерісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұнының жасалуымен және оны жүзеге асыру жолдарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жүзінде тексерілуімен айқындалады.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі

Жоғарыда аталған әрбір ғылыми нәтиженің жаңалығына тоқталатын болсақ, автор диссертациялық зерттеу мәселесінің теориялық негіздеріне аса мән беріп, шетелдік, отандық педагогикалық, психологиялық, философиялық, тарихи-этнографиялық, әдіснамалық әдебиеттерге берген теориялық түрғыдан талдау берген, ғұлама ойшылдардың денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесінің кілтті ұғымдарының мәні ғылыми түрғыда негізделген (Дисс.:1.1).

Әр қоғамның тарихи дамуы дүниежүзілік мәдениеттермен байланысты болып келеді. Дүниежүзілік өркениеттердегі денсаулықты сақтау мәдениеті туралы озық идеяларды жинақтап, қазіргі таңда рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегіне айналуының негізdemelerін анықтау болып табылады. Осыған байланысты, денсаулықты сақтау

мәдениеті мәселесінің тарихи-педагогикалық алғышарттары ғылыми түрғыда негізделген (Дисс.:1.2).

Бұл айтылғаның бәрі, диссертанттың болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың тарихи педагогикалық негіздерін жетік менгергенін айғақтаса, екіншіден, зерттеудің бірінші нәтижесінің жана екендігін дәлелдейді.

Зерттеудің екінші нәтижесінің жаңалығы сол, денсаулықты сақтау мәдениеті мәселесін зерттеудің әдіснамалық тұғырлары мен теориялық негіздері нақтылаған. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің әдіснамалық тұғырларын анықтау мәселесі өзекті болып табылады. «Денсаулықты сақтау мәдениеті ұғымы» – «денсаулық», «денсаулық сақтау», «мәдениет» атты бірқатар ұғымдардан тұратын, мазмұны жағынан күрделі жүйе болғандықтан, оны синергетикалық тұғыр түрғысынан қарастырған және ғылыми анықтамалардың өзара байланысы анықталған (Дисс.:1.3).

Бұл диссиденттың болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жетік менгергенін айғақтаса, екіншіден, зерттеудің екінші нәтижесінің жаңа екендігін дәлелдейді.

Докторанттың үшінші қол жеткізген нәтижесі де – жаңа. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптастасуына әлеуметтік желілер мен заманауи ақпараттық құралдардың ықпалы айқындалған.

Жоғары оку орындарында болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың басты мақсаты ретінде студент-жастардың психологиялық, дene-қимыл әрекеттерінің мүмкіндіктері мен жас ерекшеліктерін ескеріп, гигиеналық ұғымды, денсаулықты сақтау уәждемелерін, жеке басының тазалығын жете түсіндіру, мінез-құлқында белгілі гигиеналық тұрақтылықты қалыптастыру, өзіне-өзі қызмет ету, денсаулығын сақтау, нығайту, мәдени-гигиеналық мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыру көзделген. Әлеуметтік желілер мен ақпараттық құралдардың тұлға денсаулығы үшін маңыздылығын, оның пайдалы және зиянды жақтарын қарастыра отырып, болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптастасуына әлеуметтік желілер мен ақпараттық құралдардың ықпалы жүйеленіп, көрсетілген (Дисс.:2.1).

Төртінші нәтижесі де жаңа. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі даярланып және оның компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері анықталған.

Болашақ педагогтардың мәртебесін көтеру мемлекет тарапынан қолға алынып отырған мәселе болғандықтан, олардың денсаулығын сақтау және мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселе екендігіне күмән келтірілмейді. Осындай өзекті мәселе мен зерттеу үшін болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың қызметтік-үдерістік моделі құрастырылған.

Жас ерекшелік принципін ұстана отырып, денсаулықты сақтау және нығайту мотивін балалық шақтан бастап бойларына сіндіре білуі керек. Іс-әрекеттік принципі, денсаулық мотивін түрлі жаттыгулар арқылы жаңа сапаларды қалыптастыруды жоспарлайтын сауықтыру қызметі мен сауықтыру жүйесі арқылы жасау қажеттілігіне негізделген. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың оку-тәрбие жүйесінде әлі де болса жеткілікті дәрежеде ескерілмей келе жатқандығын, яғни бұл мәселе келешекте назардан тыс қалмайтындығына күмән келтірмейтіндігі қарастырылған. Ол үшін білім мен тәрбиедегі мазмұн болашақ педагогтардың ынтысына, қабілетіне, сана-сезіміне ерекше көніл бөлуі тиіс деп көрсетілген. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталған. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың тұрғысынан танымдық-мазмұндық, эмоционалдық-мотивациялық, іс-әрекеттік компоненттерді жан-жақты талдап көрсеткен. Жоғарыда аталған компоненттерге компоненттерге сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштері де дұрыс белгіленген. Сондай-ақ, диссертант болашақ педагогтардың бойында денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасқандығының жоғары, орта, төмен деңгейлерін де негізді анықтаған (Дисс.: 2.2.).

Бесінші нәтижесі де жаңа. Оқу-тәрбие үдерісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұны жасалды және оны жүзеге асыру жолдарының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жүзінде тексерілген.

Диссертант жоғары оку орнының оқу-тәрбие үдерісінде болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру екі бағытта: пән сабактарын оқыту арқылы және аудиториялық сабактардан тыс жұмыстарда жүзеге асыратындығын анықтаған. Жоғары оку орындарында жүргізіletін «Дене шынықтыру», «Психология және адам дамуы», «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәндерінің мазмұны білім алушылардың денсаулықты сақтау мәдениетінің қалыптасуына ықпалы зор екендігін дәлелдеген (Дисс.: 3.1.).

Оқу-тәрбие үдерісінде «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жаңғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұны жасалған. Бұл жобаның мазмұнын автор үш бағытта қарастырып, әр бағыттың мазмұны болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағыттап, жан-жақты қарастырған. Атап айтсақ, бірінші бағыты – «Денсаулық сақтау психологиясы» элективті курсы бірінші бағыты; екінші бағыты – «Дене шынықтыру» мен «Жас ерекшеліктер физиологиясы және мектеп гигиенасы» пәндері бойынша өзіндік жұмыстар; үшінші бағыты – «Денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру технологиялары». Жобаның мақсат-міндеттері нақты айқындалып, оны жүзеге асыру үшін тәжірибелік эксперименттік жұмыстарда тиімділігі тексерілген. «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани

жанғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының» күндылықтарының бірі – біртұтас педагогикалық үдерісті қамтығанында. Логикалық жүйеде берілген оқыту және тәрбие бағдарламалары болашақ педагогтардың денсаулық сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Сонымен қатар, әр бағдарламада заманауи әдіс-тәсілдер пайдаланылған. (Дисс.: 3.2; 3.3.).

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы

Докторанттың зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері өзара ішкі бірлікпен, әрбір бөлімдердің дара және идеялық байланыстырылғымен, әр бөлімдерде берілген ой-тұжырымдармен, жұмыс қорытындысымен және автордың педагогика ғылымына және практикасына енгізген жаңалығымен сипатталады. Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның педагогика ғылымы үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, зерттеуде педагогика және психология мамандығы саласының бүгінгі таңдағы аса бір өзекті проблемасы алғаш рет шешімін тауып отыр. Еңбектің нәтижесін педагогика теориясында да, практикасында да үлкен сеніммен пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама

Зерттеудің негізгі қағидалары ғылыми баяндама түрінде КР БжФМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда және Ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынған журналдарда және Scopus базасына енген шетелдік базалықтарда, халықаралық конференциялар жинақтары материалдарында жарық көрді. Сонымен қатар, Абай атындағы ҚазҰПУдың 2018-2025 жж. стратегиялық жоспарына сәйкес, болашақ педагогтардың денсаулығын сақтауға бағытталған іс-шаралар (денсаулық күндері, спартакиадалар ұйымдастырылды).

6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер

Диссертация мазмұнына, рәсімделуіне байланысты мынадай кемшіліктер мен ұсыныстар айтқымыз келеді:

1. Болашақ педагогтардың денсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастырудың мазмұны мен жүйесін ашуда басқада жоғары оку орындарының студенттерімен салыстырмалы түрде бақылау тобына алса артық болмас еді.

2. Диссиденттің Диссертацияда автордың өзі жасаған «Денсаулықты сақтау мәдениеті – Қазақстанның рухани жанғыру жағдайындағы ұлттық тәрбиенің тірегі» тәжірибелік жобасының мазмұны жақсы берілген, егер

оның оку-тәрбие үдерісіне енгізілу барысын тереңірек мазмұндағанда қол жеткен ғылыми жаңалығының құндылығы арта түспесе кемімес еді.

3. Диссертацияның кей жерлерінде стилистикалық қателер де кездеседі. Көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің теориялық және практикалық құндылығын төмендетпейді.

7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды

Сонымен, Ережепов Талғат Тілеулесұлының «Болашақ педагогтардың деңсаулықты сақтау мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында жазылған диссертациясының дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп санаймын.

Рецензент:

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
«Психология» кафедрасының менгерушісі,
педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а. Әліпбек А.З.

